

Д. Кокеева 

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.kz

ЕЖЕЛГІ ВЕДА ІЛІМІНІҢ ТӘҢІРЛІК ТАНЫММЕН БАЙЛАНЫСЫ (КӨК ТӘҢІР ЖӘНЕ АНА ҚҰДАЙ НЕГІЗІНДЕ)

Адамзат дамуының мифологиялық, діни және философиялық тарихи даму түрлерін адамның дүниетанымымен тікелей байланыстыруға болады. Дүниетанымның іргесі адамдардың әлемге саналы көзбен қарауға талпына бастаған кезінен қаланған. Сондықтан миф адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы сатысы болғандықтан, көне мифологияны терең меңгеру халық психологиясындағы, әдет-ғұрпындағы, тарихындағы бүгінгі күнге дейін түсініксіз тұстарын толығымен болмаса да барынша жаңаша қарау керектігін қажет етеді. Сондықтан бұл зерттеуімізде ең алдымен, ритуалдарға, әдеп-ғұрыптарға негізделген күрделі мифологиялық көзқарастар жиынтығы ретінде ежелгі Ведалық дүниетаным талдауға түсіп, оның мазмұндық құрылымы талданады. Себебі мифологияға тән политеизм, антропоморфизм, құдайлар пантоны веда ілімдерінде кең орын алған. Сонымен қатар мақалада тілі, діні, мәдениеті бір-бірінен алыс түркі және үнді халықтарының түсінігіндегі «Әлем» ұғымы қарастырылып, «Аспан, Күн, Ай, Жер» сынды табиғат болмыстарын «Тәңір» ретінде мойындап, киелі санау екі халықтың да дәстүрлі дүниетанымында кең орын алғандығы анықталады. Осылайша, ежелгі Ведалық ілімдегі үнді құдайлар пантеонының прототүркілік Тәңір танымымен үндестігі талдауға түсіп, түркі және үнді халықтарының түсінігіндегі Ана құдайлардың қызметі мен ұқсастықтары салыстырылады.

Түйін сөздер: Веда ілімі, Көк Тәңір, Ұмай, Ума, сенім.

D. Kokeyeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.kz

The parallel between the ancient Vedic and the teaching about Tengri (based on Tengri and “Mother Goddess”)

The historical, philosophical, religious, and mythological evolution of human development can be directly related to the worldview of the individual. The foundations of the worldview were laid during the period of the beginning of a meaningful study of the surrounding world by man. Since myth is the first step in the spiritual culture of mankind, there is now a need to re-study ancient mythology, in particular its not entirely «understandable» aspects in the history, psychology, and traditions of the people. Therefore, in this study, we set ourselves the task, on the one hand, to analyze the ancient Vedic worldview as a set of complex mythological views based primarily on traditions and rituals, and on the other hand, to consider its content structure. Since both polytheism and anthropomorphism and the pantheon of gods are characteristic concepts of mythology, they are also common in the Vedas. In addition to this, the study attempts to study the concept of «World» (picture of the world) in the worldviews of the Turks and Indians, quite distant peoples in terms of language, religion, and culture; the place and significance of «Tengri» among the two peoples in the appeal to natural phenomena such as the Sky, the Sun, the Moon, and the Earth. As a result, the consonance between the Indian pantheon of gods in the ancient Vedic teaching and the proto-Turkic knowledge of Tengri is analyzed. Also, a comparison is made of the functions and similarities of the mother goddesses in the understanding of the Turkic and Indian peoples.

Key words: Vedic teachings, Tengri, Umai, Uma, faith.

Д. Кокеева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.kz

Параллель между древним ведическим учением и учением о Тенгри (на материале Тенгри и «Богини-матери»)

Историческую, философскую, религиозную и мифологическую эволюцию развития человечества можно напрямую связать с мировоззрением индивида. Основы мировоззрения

закладывались в период начала осмысленного изучения человеком окружающего мира. Поскольку миф является первой ступенью духовной культуры человечества, в настоящее время назрела необходимость переизучения древней мифологии, в частности, не совсем «понятные» ее аспекты в истории, психологии и традициях народа. Поэтому в настоящем исследовании мы ставим перед собой задачу, с одной стороны, проанализировать древневедическое мировоззрение как совокупность сложных мифологических взглядов, основанных, в первую очередь, на традициях и ритуалах, а с другой – рассмотреть его содержательную структуру. Политеизм и антропоморфизм, как и пантеон богов, – характерные понятия мифологии, они также распространены и в Ведах. В дополнение к этому, в исследовании предпринимается попытка изучить понятие «Мир» (картина мира) в мировоззрениях тюркских и индийских народов, достаточно отдаленных народов по языку, религии и культуре; место и значимость «Тенгри» среди двух народов в обращении к природным явлениям, как Небо, Солнце, Луна, Земля. В результате проанализировано созвучие между индийским пантеоном богов в древнем Ведическом учении и прототюркским познанием Тенгри. Также проводится сравнение функций и схожестей богинь-матерей в понимании тюркского и индийского народов.

Ключевые слова: Ведические учения, Тенгри, Умай, Ума, вера.

Кіріспе

Адамзат тарихында барлық халықтардың діни-философиялық және тарихи тәжірибелік танымдарының кешенді жиынтығынан тұратын дәстүрлі дүниетанымдары «құдайлық киелілік» ұғымы төңірегінде қалыптасқаны сияқты, дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізгі ұстанымдары да Тәңірлік діни танымнан бастау алған. Себебі адамзат баласының және оны қоршаған ортаның иесі де киесі де – Тәңір. Ежелгі түркілер Аспан, Жер, Су сынды табиғи көріністерге табынуы негізінде тәңіршілдік танымды қалыптастырғаны секілді үнді халқы да бастапқы кезде табиғат жаратылыстарына бас иіп, Тәңір ретінде қабылдағандығы Веда ілімдерінде кеңінен кездеседі.

Прототүркілердің «Көкте ел бар. Ол жерде адамдар белдікті мойнына тағады, ортада, яғни жер бетінде тұратындар белдікті беліне байлайды, ал жер астындағы тұрғындар белдікті аяғына байлайды. Және олардың өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар» деп әлемнің үшке бөлінуіне сеніммен қарағанындай, ертедегі үнді тұрғындарының түсінігі бойынша да әлем үш қабаттан, яғни аспан, ауа, жерден тұрған. Сондықтан үнді дүниетанымында әлем жаратылысы «Три лока» деген атаумен жеткен. Үнді дүниетанымындағы құдайлар осы аталмыш локаға байланысты үшке бөлініп әлемді басқарған деседі. Үштік әлемге қатысты «Тәңір» түсінігі Веда іліміндегі құдайлар пантеоны негізінде кеңінен берілген.

Сондықтан зерттеуімізде мифологиялық танымды арқау ете отырып, үнді және түркі мифологияларының ортақ элементтерін қарастыруды жөн санадық. Салыстырмалы талдау арқылы екі түрлі мәдениеттің үндесетін мәдени-рухани іздеріне тоқталмақпыз.

Тақырыптың негіздемесі және мақсаты мен міндеттері

Түркі болмысындағы тәңірлік дүниетаным – исламнан бұрынғы тарихи, мәдениеттік қабаттардағы тілдік, ділдік және ойлар құндылықтарының жиынтығы. Түркі халықтары әр жерде тіршілік етсе де, қоршаған ортаны тануы, табиғатпен тілдесуі тұрғысынан ерекшеленеді. Бұған дәлел түркі халықтарының Көк Тәңір, Ұмай ана туралы дүниетанымдық түсініктерін этномәдени-генетикалық байланысы арқылы бір арнаға тоғысатындығынан байқауға болады.

Веда іліміндегі құдайлар пантеоны әртүрлі деректермен толықтырылады. Құдайлардың көбісі сан түрлі тайпалардың басшысы ретінде танылады. Барлық құдайлар натур мифологиялық сипатқа ие. Ертедегі үнді тұрғындарының түсінігі бойынша әлем Жер, ауа, аспан сынды үш қабаттан тұрған. Сондықтан бұл қабат «Трилока» деген атаумен жеткен. Үнді дүниетанымындағы құдайлар осы аталмыш локаға байланысты үшке бөлініп әлемді басқарған деседі. Жоғарыда аталған Трилока құдайлары туралы аңыз-эпсаналар, олар туралы әнұрандар үнді халқының қасиетті жазбасы Веда ілімдерінде кеңінен берілген.

Зерттеу тақырыбының мақсаты ведалық ілімнің түркілік дүниетаныммен үндестігін ашу болғандықтан, біріншіден, екі халық дүниетанымындағы әлем жаратылысын ашу, екіншіден, әлемді жаратушы Тәңір түсінігі, үшіншіден, Тәңірмен қатар қызмет атқаратын Ана құдай бейнесін салыстыра жан-жақты талдау сынды міндеттер қойылды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы талдау,

логикалық және теориялық, тарихи әдістері құрайды. Сонымен қатар, зерттеу барысында шетелдік және отандық зерттеушілердің тақырыпқа қатысты пікірлері ғылыми негіз және дереккөзі ретінде келтірілген. Сондай-ақ, мәтіндер герменевтикалық және салыстырмалы, стилистикалық зерттеу әдістерімен талданады. Зерттеу барысында діни-философиялық идеялардың дамуын және олардың үнді дүниетанымының рухани өміріне әсерін зерттеу үшін тарихи талдау әдісі қолданылады.

Негізгі бөлім

Ежелгі Веда ілімі және оның мазмұндық құрылымы

Мифология жаратылысты тану, абсолютті билік, хаосты кеңістікке айналдыратын фактілерді көрсететін тарих болып табылады. Сондықтан ғалымдар миф жайында «қарапайым және архаикалық қоғамда миф әлеуметтік өмір мен мәдениеттің негізін құрайтын адам қоғамдарында дамығандықтан, аңыз-эпсаналар табиғатты қалай көрсететін айна ретінде анықтауға болатынын атап өтеді. Осыған орай, батыс ғалымы Дж.Ф. Бирлайн миф жайында: «Миф – біздің өмірімізге белгілі бір мән-мағына беретін сенім-нанымдар жиынтығы, – десе (Бирлайн, 1997: 15), ал Д. Паттанайк «Миф – бұл сенімге негізделген субъективті, интуитивті және мәдени ақиқат. Жеке адамдар мен қоғамдарды байланыстыратын мәдени құрылым – бұл әлем туралы жалпы түсінік», – дейді (Pattanaik, 2016: 26).

Мифологияны зерттеуші ғалым Дж.Кэмпбелл «Әлемдегі барлық мифологияларды салыстырмалы зерттеу бізді адамзаттың мәдени тарихын тұтастай қарастыруға мәжбүр етеді» деп айтқанындай (Campbell, 2006: 15), кез келген елдің мәдениетін, тарихын мифтер арқылы салыстыра зерттеуімізді қажет ететіні сөзсіз. Осыған орай, үнді және түркі халықтарының мәдени, тарихи құндылықтарын ұғыну үшін олардың аңыз эпсаналарына тоқталу керек. Себебі, сонау кезден құдайлардың арқауы болып танылып келген Үштік (Тримурти), одан қалса осыларға арқа сүйеген Веда іліміндегі 33 құдайдың бір-бірімен ұштасуы, бір-бірінің орнын толықтыруы, олардың әрқайсысының қызметтері мен күлкілі де қорқынышты, яки, тартымды бейнелері, сонымен қатар прототүркілердің дүниетанымындағы Әлем түсінігі, оның Жаратушысы туралы берілген деректік аңыздар кез келген адамзаттың көңілін аудартпауы мүмкін емес.

Ертедегі үнді тұрғындарының түсінігі бойынша Әлем жер, ауа, аспан сынды үш қабаттан

тұрған. Сондықтан бұл қабат «Трилока» деген атаумен жеткені белгілі. Үнді дүниетанымындағы құдайлар осы аталмыш локаға байланысты үшке бөлініп әлемді басқарған деседі. Аспан құдайлары – Митра, Варуна, Адитья, Сурья, Савитр, Пушан, Вишну, Ушас, Ашвина; Ауа, яғни аспан мен жер арасын басқарушы құдайлар – Индра, Маруты, Рудра, Ваю-Вата, Парджанья; Жер құдайлары – Агни, Сома, Брихаспати делінеді. Жоғарыда аталған «Трилока» құдайлары туралы аңыз-эпсаналар, олар туралы әнұрандар үнді халқының көне жазбасы Веда ілімдерінде кеңінен берілген.

Ежелгі Үндістанның мәдени-әлеуметтік өмірі туралы кең дерек алуға болатын Ведалар (санскр. Veda «веда» білім м.б.) – үнді әдебиетінің б.з.д. I мыңжылдықтың 2 жартысының аяғында жазылған ең көне діни-философиялық ескерткіш мұралары болып табылады. Алайда Веда мұрасының жазылу кезеңі бойынша түрлі пікірлер бар. Себебі бүгінгі таңда «Веда» тілінің Иран әдебиетінің құнды ескерткіші болып табылатын Авестадағы гаттар тіліне жақындығына сәйкес, «Веданың» пайда болуы б.з.д. 1000 ж. жазылған деген пікірлер де жоқ емес. Сонымен қатар «Веданың» кейбір бөлімдерінде ежелгі мәдениетті суреттеуі үнді жеріне қоныс аударған арийлердің келу кезеңінен 300-500 жыл аралықты да көрсетеді. Сондықтан үнді-арийлік немесе ведалық мәдениеттің басталуы шамамен б.з.д. II мыңж. сәйкестендіріледі деуге де болады деген тұжырымдар бар.

Тарих беттеріне үңілер болсақ, үнді-арийлік тайпалар Үндістанға басып кіруге дейін ежелгі иран халықтарымен аймақтық-этникалық қауымдастық құрғандығы айтылады. Бұл бойынша б.з.д. XV ғ. басына жататын Хетт патшасы мен Митанни патшасы арасындағы келісім-шарттардың жазбаларында сақталған үнді-ирандық тілдің іздері табылған. Аталмыш жазбаларда вавилондық және хеттік тәңірлермен қатар, келісім-шарттарды сақтаушы ретінде шақырылған Трилока құдайлары Митра, Варуна, Индра және Насатья – шығу тегі жағынан үндіирандық құдайлар деп айтылып жатады. Берілген барлық мәліметтер жанама түрде болса да, арий тайпаларының Үндістан жеріне кіруінің бейнесін еске түсіреді. Сонымен қатар бір деректерде б.з.д. II мыңж. Орта Азия немесе Оңтүстік орыс жерлерінде қоныстанған арийлер Үндістан шекарасына, яғни оңтүстік-шығысқа қарай және оңтүстік-батыс бағытында Алдыңғы Азия аумағына жылжи бастағаны айтылады. Осыған байланысты бір уақытта Үндістанда

ведальқ мәдениет, Месопотамияда арийлік патшалар және Орта Азияда иран диалектілері пайда болған. Осылайша, Үндістанға арийлердің көшіп келуі мәдениеттің бір-бірімен алмасуына әсер етіп, өмірдің түрлі саласына өзіндік ықпалын тигізді.

Арийлердің Үнді даласына қоныстануы басқа діни сенім, ой, мифологиялық көріністер әкеліп, ерте үнді діни мұраларының қалыптасуы себепші болды. Бұл естеліктер бүгінгі күні Веда канондары атауымен белгілі. Мәтіндер түрлі ойбағыттарды қамтығандықтан, үлкен беделге ие. Ертедегі арийлерде дін үшін сиқыр, политеизм және күрделі мифтік-дәстүрлі жинақ болды. Бұл жинаққа мәдениетке тән қызметтер, ойлы бағыттар, құрылымдарды қамтитын мәтіндер кірген. Ведальқ ілімде өлеңдер мен проза формасында берілген кең көлемді мәтіндер жинағы, ұрандар мен ән-әуендер, рәсімдер түсініктемесі мен аңыз-әңгімелер, философиялық диалогтар және метафизикалық ой толғаулар көрініс табады.

Ведалардың ішінде ең құнды әрі көнесі 10522 мантралардан (өлеңдік жинақ) тұратын Ригведада космогониялық (дүниенің пайда болуы туралы, табиғаттың кейбір құбылыстары туралы) әнұрандар баяндалған. Бұл мантрада үш мыңнан асатын антропоморфтық (адамдар пішіндік) Агни, Брихаспати, Вайо, Вишну, Индра, Митра, Сурья сынды т.б. құдайларды мадақтайтын мифтер шешуші орын алады. Жалпы айтқанда, Ригведа мәтінінде діни және дүниетанымдық-философиялық елестер мен түсініктер ертедегі үнді халқының әлеуметтік қатынастарының бейнесі сипатталады. Сонымен қатар Ригведада «Трилока» атауымен берілген әлем «құдайлар мекені, адамдар мекені және тіршілік мекені», – деп үшке бөліп қарастырылған.

Ригведа мәтінінде көрсетілген үш әлем түсінігі көнетүркі дүниетанымында да бар. Үш әлемді басқаратын Тәңір бар. Ол тәңір табиғат жаратылыстарына сәйкес, әр түрлі атаулармен беріледі дейді. Оның бір атауы Аспан құдайы немесе Көк Тәңір.

Тәңірлік танымдағы болмыс – Көк Тәңірі ретінде

Тәңіршілдік – бұл түркі халықтарының исламға дейінгі діни сенімі. Табынудың басты объектісі – Тәңір. «Көк, Нұр» сынды сипаттауды білдіретін жаратылыстарды «тәңір» деп түсіндірілген бұл ұғым түркілердің діни наным-сенімдеріндегі аспанмен теңестірілген басты Құдай бейнесі еді.

Түркі дүниетанымындағы түсінік бойынша Тәңір аспан мен жердегі тіршіліктің иесі бол-

ғандықтан, аспанды да, ондағы жұлдыздарды да, адамды да, жерді де жаратушы деп саналған. Түрік ғалымы А. Инан қытай дереккөздеріне сүйене отырып, ежелгі Орта Азия халықтарының тәңір ретіндегі наным-сенімдері аспан-құдай, күн, ай, жер, су және отқа байланысты болған дейді (Инан, 2017: 8). Ал үнді дүниетанымында тәңірге Брахма деп сипат береді. Ригведа ілімінің санскрит тіліндегі аудармасын жасаған санскриттанушы түрік ғалымы Корхан Кая «әлем» туралы берілген түсіндірмені былай жеткізеді: «бұл дүние бастапқыда Брахмаға ұқсады. Брахма өзінен құдайларды жасады. Ол жаратқан құдайларды дүниемен араластырып, бұл дүниеге отты, ауа кеңістігіне желді, аспанға күнді көтерді, – дейді. Брахма оянған кезде тіршілік жанданады. Бұл жаратылыс Брахма өмірінің соңына дейін жалғасын табады. Брахманың дәуірі тәмәмдалған кезде, бүкіл жаратылыс жоқ болады» (Кая, 2018: 571).

Түркі мифінде хаостың космосқа айналуы, аспан мен жердің жекеленіп пайда болуы жайлы аңыздарда кездесіп жатады. Аспан мен жердің теңізден бөлініп жаралғаны туралы үш түрлі әлем (аспан, жер, жер асты) бар деген сенім тудырған. Ал ертедегі үнді халықтарының түсінігі бойынша әлем үш қабаттан, яғни жер, ауа, аспандан тұрған. Сондықтан үнді дүниетанымында әлем жаратылысы «Трилока» деген атаумен жеткен. Үнді дүниетанымындағы құдайлар осы аталмыш локаға байланысты үшке бөлініп әлемді басқарған деседі. Ригведада көрсетілгендей, Аспан құдайлары – Митра, Варуна, Адитья, Сурья, Савитр, Пушан, Вишну, Ушас, Ашвина басқарса, ауа, яғни аспан мен жер арасын – Индра, Маруты, Рудра, Ваю-Вата, Парджанья, ал жер – Агни, Сома, Брихаспати сынды құдайлар басқарады делінеді. Сондықтан үштік әлемге қатысты ежелгі үнді мифологиясында «Ригведа» – жер, «Яджурведа» – ауа, «Самаведа» – аспан, яғни әлемнің үш кеңістігі жер, аспан және ауа бейнелейді деп түсіндіріледі.

Прототүркілердің дүниетанымында Тәңір құдайлар пантеонындағы жоғарғысы деп танылады. Алайда түркі жұрты да ежелде табиғат объектілері мен құбылыстарын құдайландырып, оларға табынған. Өмірі табиғат аясында өткен көшпенділердің тұрмыс-тіршілігі табиғатқа тікелей тәуелді болды, өзін қоршаған дүние құбылыстарының тылсым сырларын түсінбеген адам олардың себебін басқа құбылыстар мен заттардан, күштерден іздеді. Ол құбылыс пен мәнді толық ажырата алмағандықтан, табиғат рухтан-дырылып, адамда діндарлық сенім қалыптаса

бастады. Осылайша, Тәңірлік діннің бір тамыры табиғатпен үндесіп жатты.

Ал табиғатқа құрметпен қараудың өзіндік үлкен маңызы бар деп ұғынатын үнді халқы да бүгінгі күнге дейін күнге, айға, планеталарға жалбарынады. Сондықтан олар Навграһ (9 планета) – тағдырға, қауымға, ұлтқа билік жүргізеді деп санайды. Қазіргі жаратылыстану ғылымы күн – тек жоғарғы температура мен энергия нұрының бұлағы деп қарастырса, үнді халқы үшін күн құдайы Сурья, ал ай құдайы Чандрама жоғары құрметтеледі. Марс – Мангал құдайы, Юпитер – Бхадаван Врихаспати, Сатурн – Шани құдайы деп есептеледі. Планеталар секілді тау, тас, өзен, көлдердің де құдайлары бар. Құдайдың оң қолы тыныштықты сақтап тұрады деп түсіндіріледі. Сондықтан жақсылықпен жамандық, құрғақшылық, тасқын, құйын, дауыл бәрі де табиғи құбылыс құдайдың, яғни Навграхтың қалауы деп пайымдайды.

Түркі халықтарының фольклорында Ай, Күн әсерімен дүниеге келуін баяндайтын дәстүрдің қалыптасуы тегін емес. Ол түркілердің ең көне дүниетанымына, яғни, олардың көне наным-сенімдеріне Ай мен Күн культінің маңызды рөл атқарғандығын әрі сенім көріністері халықтың эстетикалық қалыпты нормасына айналғанын байқатады. Түрік зерттеушісі Я. Калайы «Түркі қауымы ерекше көрініс беретін Күн мен Айдың терең тамырлануы бай мәдени дәстүрдің, мифологияның қалыптасуына әкелді», – дейді. Сонымен қатар үндітанушы Я. Калайының зерттеуінде, Көк тәңірлері ретінде ұғынылатын «Күн» және «Ай» құбылыстары түркі және үнді мәдениеттерінің мифологиясында терең орын алуымен ерекше маңызға ие. Үнді мифологиясындағы Күн құдайы Сурья Ригведа әнұрандарында Савитри, Арьяман, Митра, Варуа және Ушас деген түрлі есімдермен де беріледі, – дейді (Kalyal, Būyūkbahçesi, 2018: 1168-1183).

Қытай дереккөздеріне сүйенген ғалым Баят ғұндар мен көктүріктер жылу мен жарық беретін, тіршілік беретін Күнге табынған, – дейді түрік ғалымы Ф. Баят (Bayat, 2020: 219). Ал Гумилевтің еңбегіне сүйенген Чорухлы «Күнге табыну» көктүріктерде ежелден бар екенін айта отырып, XIX ғ. соңына дейін Күн аспаға құрбандық шалу кезінде сыйынатын нысан іспеттес болды десе (Çoruhlu, 2011: 26), бұл пікірді түрік зерттеушісі С. Туран да дәлелдей түскендігін көруге болады. Ол өз зерттеулерінің бірінде «XIII ғ. ғасырлық қолжазбада кейбір Анадолы түрікмендерінің «айға, күнге, жұлдыздарға және табиғатқа табынған» деп сөз етеді (Turan, 2014: 43 – 44).

Алтай түріктерінің аңыздарында күн мен айдың жаратылысы буддизмнің әсерімен Ай ер адам, ал Күн әйел деп саналады. Әйел болмысы ретінде сипатталатын Күн Ұмай культімен де байланысты. Себебі бұл құдай әйел жаны ретінде қабылданатын күн құдайына да байланысты делінеді. Түркі мифологиясында күнге сену, табыну ежелде қалыптасқан. Ж.П. Роукс арқылы жеткен дереккөздерде, түркілер күнге табынуды Хиунг-нулулардан (ғұндар) қабылдап, мұра еткен. Күн тіршіліктің негізгі көзі болғандықтан, Күнге табыну Айға табынудан әлдеқайда маңызды. Ескі дереккөздерде айтылғандай, бұл Айды шығаратын Күн, өйткені ол оны өзінің сәулелерімен жарықтандырады, – делінеді (Roux, 2015: 94).

Аспанға қарасты ежелгі үнді құдайлар пантеонының бірі Сурья да (күн құдайы) халыққа шуақ шашушы, жаманның бетін қайтарушы іспеттес саналады. Сондықтан да үнді халқы күнге тағзым етіп, одан медет сұрайды. Сондықтан Веда мәтінінде тіршіліктің жандануын күнмен байланыстырады. Атхарваведа, 17\1\30-да: Күн көтерілген кезде жер бетіндегі аурудың барлық түрі жойылады. Күннің шығуы өлімнің бетін қайтарады. Атхарваведа, 5\30\15-те: өлімнің бетін қайтарып, оған күн сәулесін шаштыру керек десе, тағы да Атхарваведа, 8\1\4-те: Күн нұры түскен жердің бәрінде өлім жойылады, – дейді.

Брахманың (үнділік танымдағы Көктәңір) символикалық формасы болып саналатын Сурья – адамзатқа өмір сыйлаушы, тыныштық беруші болып табылады. Сурьяға жалбарыну арқылы әркім мақсатына жетеді. Сурья бүкіл адамзаттың істеген жақсы-жаман әрекеттерінің куәгері. Күннен еш нәрсе де жасырын болмайды. Упанишадта, құдайлар, данышпандар күн нұрында өмір сүреді дейді. Веда мәтіндерінде де күн нұрынан көп пайда алу үшін әркім шығысқа қарап, діни рәсімдер мен іс-шаралар өткізу керектігі сөз етіледі.

Санскриттанушы түрік ғалымы Корхан Кая күн құдайы туралы «Күн құдайы Сурья барлық жерде адамдардың жасаған жақсы және жаман істерін бақылайды. Сондай-ақ, ол барлық қозғалыстың қорғаушысы және рухы. Сурья бүкіл жаратылысқа нұрын шашып, табиғатқа нәр береді. Ол қараңғылықты, ауруды, алдауды және зұлым рухтарды жоюшы нұр». Барлық жаратылыс оған мұқтаж болғандықтан, оны үнді мифологиясында «asuryah purohitah» деп атайды, – дейді (Kaya, 2003: 178). Батыс ғалымы В.Ж. Уилкинс өз еңбегінде үнді мифологиясында Сурья

Күнді бейнелейтін құдайларға тән қасиеттерге ие болғандықтан, Сурьяны Вивасват (Жарқын), Бхаскара (Жеңіл жасау), Динакара (Күн жасау), Архапати (Күннің Иесі), Локачакшус (Өлемнің Көзі), Гахараха (Жұлдыздар Патшасы), Сахасракирана (Мың Жұлдыздар жарықтандырылған) сынды көптеген есімдерімен берілгендігі жөнінде атап өтеді (Wilkins, 1988: 35).

Есиннің зерттеуінше, Солтүстік Азиядағы ежелгі күнге табынушылыққа ұқсас элементті Орта Азиядағы Сурацсай үңгірлерінде таңбаланған күн тәріздес «періште» бейнесіндегі адам ескерткіштері табылған. Арийлердің көне мекені болған «күн отаны» деп танылған Хоросан мен Сог жерінде күнге табынушылық кең тараған. Осылайша ежелгі Орта Азияға іргелес жатқан үнді өркениетінің біраз әсері болғанын айта кету керек. Сондықтан қазіргі Түркістанда прототүркілердің мекен еткенін және үнді өркениетіндегі алмасулар негізінде ортақ тіл де қолданылғанын айтуға болады, – дейді (Есин, 2004: 67-68). Бұл тұжырымдамадан тілі де діні де екі бөлек халықтың ежелден табиғатқа табыну үрдісінің болғанын және де Орта Азияда үнді өркениетінің өзіндік бір ықпалының да болғандығын көруге болады.

Ертедегі наным-сенімге үңілер болсақ, күн Тәңірдің көктегі атрибуты болса, жерде от ретінде қызметін атқарады деседі. Бұл бойынша түркілік дүниетанымдағы шамандық элементтен қалған салт дәстүр бүгінгі күнге дейін түркі және үнді халықтарында кездеседі. Оның бірі отты пір тұтып, оған сенім арту. От – отбасының шам шырағы, ұйытқысы деген түсінікпен танытылып жатады. Оның бір мысалы, отқа май құю рәсімі дәлел болмақ. Ал үнді дүниетанымында от – Агни құдайы. Отсыз үнділердің ешбір діни, салтанатты рәсімдері атқарылмайды. Басқа құдайлар секілді Агни құдайы адамзатты қуатпен, жылумен қамтамасыз етеді. Бұл табиғаттың тепе-теңдігін сақтайды. Егер Агни ашуланса, бүкіл жаратылысқа зиян келеді деген түсінік орын алған.

Кейбір түркі халықтары арасында әлі де сақталып келе жатқан «отқа май құю» дәстүрі көне тарихтан Тәңірге мінәжат етуінен қалған ырым болып табылады. Бүгінгі күні бұл әдет-ғұрып, салт-дәстүр ретінде қолданыста жүр. Еліміздің кей өңірлерінде келін алғаш рет үйдің есігін аттағанда от жағып, оның үстіне май құйып, от жағу дәстүрі әлі де жалғасуда. Ырымның мақсаты Құдай отымызды өшірмесін, сөндірмесін, От анамыз қолдасын!» деген ниеттен шыққан болса керек.

Түркі және үнді мифологиясындағы «Тәңір» ретінде қарастырылған құдайлар пантеоны аспандағы «Ай (ер) мен Күнді (әйел)» негізге алынуы екі халықтың да дүниетанымындағы ескі наным-сенімдердің ұқсас элементтерін байқауға болады. Үнді және түркі халықтары ежелден табиғат құбылыстарына сенім, оларды құдай ретінде тануы бір құбылысты меңзейді. Алайда олардың құдайлық тәңір ретіндегі атаулары діліне, тіліне, мәдениетінің сан алуан түрлілігіне қарай әртүрлі атаулармен берілгенімен де, олардың атқаратын қызметтері бірдей екендігін байқауға болады.

Тәңірлік таным – Ана құдай сипаты

Түркі халықтарының дастандары мен мифтерінде әйел қасиетті ұғым саналған. Кейбір түркі халықтарында әлі күнге дейін маңыздылығын жоймаған, адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы, әлем, табиғат және адам жайында біртұтас түсінік болып табылатын мифтер арқылы бізге жеткен Жер ана, Күн ана, Ұмай ана сынды аңыздық кейіптер дәлел бола алады. Түркі халқы үшін орны ерекше Ұмай ананың шығу тарихына үңілу, үнді дүниетанымындағы Ана құдаймен салыстыра талдаудың да өзіндік себебі бар.

«Ұмай» сөзінің шығу төркініне қатысты зерттеушілер арасында әртүрлі пікір қалыптасқан. «Тәңір» немесе «Әйел жынысты рух» мағынасын беретін бұл сөздің негізі санскрит тілінде болуы мүмкін. Себебі ежелгі үнді мифологиясында «Ума» есімді Тәңір Жер иесі ретінде өзі жаратқан әрбір тіршілікті қорғаған деседі. Үнді Тәңірі Ума да, түркілер мойындаған Ұмай да әйелдерге қамқорлық жасап, балалардың жарық дүние есігін ашуына көмектескен деседі. Үнді Тәңірі «Ума» мен прототүркілер түсінігіндегі «Ұмай» арасында үндестік олардың атқарған қызметтерінен көруге болады.

Прототүркілер мен үнді халықтары да жоғары құдірет иесі Ума немесе Ұмай арқылы алғашқы әйелді, ананы отбасының ұйытқысы ретінде таныған. Алайда кей зерттеушілер кейде оны Тәңірдің әйелі деп те бейнелейді. Себебі ерлі-зайыпты құдайлардың аспан-әке мен жер-ана ретінде танылуында болуы мүмкін. Сондықтан Тәңір – көктегі ер рөлінде, ал Ұмай – жер-ана болып қабылданады. Осылайша түркілерде де аспан – әке, жер – ана ретінде (Тәңір – Ұмай түрінде) алғашқы ерлі-зайыпты құдайлар болып саналған деуге әбден болады, – деп қарастырған отандық ғалым С.А. Қасқабасовтың еңбектерінен де көруге болады.

Әйел құдайға деген сенім ертеден-ақ, тек түркілерде ғана емес, бүкіл Еуразия материгінде шоғырланған халықтардың түсінігінде болды. Көптеген қазба жұмыстарда тастан, балшық, сүйектерден әйел мүсініндегі пұттар табылған. Сондықтан археологтар «Ана құдай пұты алғашқы кезде универсалды сипатта болғандығын және сол кездегі адамдар бүкіл табиғаттың бастауы Ана құдайдан деп түсінді, – дейді.

Орта Азияда табылған кейбір археологиялық қазбалардың нәтижесінде Ұмай ананы күміс шашты, ақ киімді Тәңір немесе құс бейнесіндегі қанатты Тәңір деп санаған. Ескі түркілер болса, оны көктен түсетін күміс шашты, әдемі әйел ретінде таныған. Біз түркі мифологиясында аналар әр түрлі бейнелер арқылы берілгендігін ескере отырып, Ұмайды көктен түскендігіне байланысты құмай құсқа теңеп, «Құс ана» деп те атаған.

Әр халық әртүрлі атаса да, құмай – барлық жерде бақыт құсы ретінде саналған. Зерттеуші С. Қондыбай: «Мифологиялық құс – құмайдың отаны көне түріктер мекен еткен этномәдени орта, оның образы, аңыз желісі бойынша барлық тіршіліктің басында тұрған – Ұмай ана», – деп жазған. Ноғай аңызында да Ұмай әлдебір сабеппен құсқа айналып кетіп, көкте де ұшқан, суда да жүзген делінеді (Қондыбай, 2006: 136).

Түркілер сияқты Ана құдайды құс ретінде сипаттау кейбір үнді аңыздарында да кездеседі. Түрік ғалымы Корхан Каяның (Кауа, 2003: 178) зерттеуіне сүйенсек, ана құдай аспанда ұшатын қызыл құс немесе бүркіт ретінде суреттелген дейді. Бұл жерден де екі халықтың да дүниетанымында Ана құдайды құс бейнесінде де сипаттауы ғажап емес.

Ежелгі түркілерде өте сұлу және қайырымды, күмістей ұзын шашты, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас қыз», – деп бейнеленген Орта Азия мен Сібір түркілерінде «Ұмай ана», «Сары қыз», өзбектерде «Амбар ана», сахаларда «Айызыт», телеуттерде «Май ене» сияқты есімдермен де белгілі болған.

Н.Б. Пертевтің айтуынша үнді аңызында да Ума шаштарына жылтыр сәулелі түйреуіш таққан, көздің жауын алатын жас қызға теңегеннің өзі түркілік Ұмай ана құдаймен үндестірілгендей (Pertev, 2012: 96). Сонымен қатар, үнді дүниетанымы бойынша құдай ана, яғни тәңірлік құдай ретінде бірнеше атаулармен беріледі. Аңыз-эпсаналық деректерде оны Ума немесе Ушас, Сарасвати, Лакшми, Кали, Дурга, Сита, Сурья, Агни сынды есімдермен кездестіруге болады. Ана құдайына берілген

есімдердің атаулары түрлі деректерде әр түрлі болғанымен де атқаратын қызметі бірдей сипатталып жатады.

К. Қайыржан өз зерттеулерінде «ума» тибет тілінде «ана», «Ұмай» – «бесік пірі», «бала жолдасы» мағыналарын қарастырған (Қайыржан, 2013: 53). Ал, моңғол тілінде «Ұмай» – «жатыр», тунгус тілінде «умо» түбірі «жұмыртқалау» дегенді білдіреді.

Түркітанушы ғалым Дж. Клаусонның сөздігінде «ұмай» сөзінің түп мағынасы «plecenta (сүтқоректілердің аналығы мен ұрығын қантамырлар арқылы байланыстырып қоректендіретін ағза)» яғни, баланың жолдасы екендігі көрсетілген (Clauson, 1972: 164). Тибет тіліндегі «ума» ұғымы, Дж. Клаусонның «ұмай» «plecenta» ұғымдарымен үндеседі. Сондықтан үнді және түркі халықтары дүниетанымындағы Ұмай немесе Ума сөзіне берілген мағыналардың барлығы баланың туылуы мен ананың дүниеге сәби әкелуіне қатысты ерекшеліктерді бір-бірімен тығыз байланыстырып отырғандығы еш дау тудырмайды.

Зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып, жалпы Ума немесе Ұмай екі халықтың да дәстүрлі дүниетанымында әйел бастауының бейнесі деген тоқтамға келуге болады. Жан жағына нұрын шашып тұратын Ұмайдың басты қызметі – жаңа туылған нәрестелер мен аналарға, отбасыларға қамқор болу. Сондықтан Уманы да Ұмайды да Жақсылық Тәңірі, Ана Тәңір, Өмір сыйлаушы, Құт дарытушы Тәңір, молшылық пен берекені көбейтуші рух иесі ретінде қабылдайды.

Түркі халқы Ұмай ананы жарық сыйлаушы ретінде сипаттаса, жан алушы өлім періштесі ретінде «Қара Ұмай» деген есіммен де сипатталып жатады. Осы деректемеге үндесетін үнді мифологиясындағы ана құдай Ума да Дурга және Кали деп те айтылады. Шактидің Дурга құдайы ретіндегі кейпі мейірімділікті меңзесе, ал Кали кейпі қорқыныш, ыза мен кекті бейнелейді. «Кали» сөзі «қара», «тағдыр», «уақыт», «өлім» мағыналарын береді.

Тантр жазбаларында Кали бейнесі қанға көмілген болып суреттелінеді. Калидың осындай қорқынышты бейнесі өлімнен ешкім қашып құтыла алмайтындығын айқындайды. Кали төрт көзді, ақсиган тістері және құлағында сырғасы мен тасбақаның бас сүйегінен жасалынып тағылған алқасы бар жас нәресте түрінде кейіптеледі. Үнді халқы Кали құдайының құрметіне қанды құрбан ретінде мал сойып, бояулы мереке ұйымдастырады. Бұл мереке бүгінгі күні үнді даласында Холи атауымен жетіп

отыр. Бояулы мереке бірде қызыл-жасылды болып, жаңа күннің тудыруын білдірсе, бірде әр нәрсенің соңы бар. Ол өлім дегендей ескерту ретінде түсіндіріледі. Ал түркі даласында Ана құдай, яғни Ұмай құрметіне күннің жаңаруы, ескінің кетіп, жақсының келуі деген дәстүрмен жаңа күн, яғни наурыз мерекесі аталып өтіледі. Осы тұрғыда діні, тілі бөлек екі халықтың мәдени дәстүрлеріндегі үндестік бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Себебі екі бөлек дүниетанымдағы сенім дәстүрлері дін атауы келмей тұрып халық санасына сіңіп орын алғанын айта кетуіміз керек.

Нәтижелері және талқылама

Халықтардың менталитеті мен діни санасы күрделі болғандықтан, олардың дүниетанымында, рухани құндылықтары мен болмысында саналы және бейсаналы элементтер, танымдық ұғым-түсініктер өзара қабаттасып жатады. Осы қабаттардың өзара әрекеттесуі халықтың рухани өмірі мен күнделікті тұрмысында, қоршаған ортасында маңызды рөл атқарады. Мысалы, ежелгі дүние суреттемелері, космологиялық, антропологиялық түсініктер мен наным-сенімдер қазіргі адам психикасының бейсаналық немесе түпсаналық қабатын құрай отырып, оның рухани-экзистенциялық ізденістерінде көрініс беретіні сөзсіз.

Мифтерде адамзат өзінің бірлігі мен тұтастығын саналық архетиптік образдар мен рәміздерде пайымдайды. Ал жекеленген адамзат қауымдастықтарының болмыс тәсілі мен әлеуметтік қатынастары жүйесі аталған образдар мен рәміздерді қайталанбас этноқауымдық формада сипаттайды. Мифологиялық дүниетаным мен көне наным-сенімдер жүйесі адамзаттың ойлауы мен рухани-ментальдық қабаттарының бір қайнардан бастау алатынын аңғартады. Себебі ежелгі түркі және үнді халықтарының, соның ішінде үнді және түркі халықтарының мифологиялық дүние суреттемесінде «Әлем» жоғары, ортаңғы және төменгі үш қабаттан тұратындығын талдауға негіз бар. Ежелгі түркі және үнді халықтарының қоршаған ортаны тануы, табиғатпен тілдесуі, Көк Тәңір, Ана құдай туралы дүниетанымдық түсініктерінің бір арнаға тоғысатындығынан байқауға болады.

Қорытынды

Ведалық ілім негізінде қарастырылатын Тримуртиға тәуелді трилоканы басқаратын құдайлар пантеонының тарихы өзіндік қалыптасу

тарихы мен атқаратын қызметтері бар аңыздарға толы. Құдайлар пантеонының аңыз-эпсаналық болмысы бір жағынан, құрбандық шалу рәсімдеріне негізделсе, екінші жағынан, ежелгі үнді дүниетанымындағы ғарыштық және діни-философиялық ерекшеліктерімен сипатталады. Сонымен қатар Тәңір ретінде өзіндік орны бар Брахманың да атқаратын қызметі прототүркілік Көк Тәңірмен үндес келуін де аңыздар арқылы саралай алуға болатынын да айтуға болады. Қай халықтың аңыз-эпсаналарына үңілер болсақ, онда патшалар мен Құдайлардың дүниеге келуін күн нұрынан жаралған, күннен нәр алған деген сарынды жиі кездестіруге болады. Себебі ежелдегі адамдар басында сәулесі болған, текті адамды нұрдан жаратылған етіп көрсету, ол құбылыс келе-келе мақсатты түрдегі қолданылатын фольклорлық әдіске айналған. Сондықтан түркі және үнді халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу түсінігі орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты болғанын көруге болады.

Сондай-ақ, салыстырмалы қарастыру барысында Ана құдай ретінде сипатталатын түркі танымында Ұмай, ал үнді халқы үшін Уманың балалар мен аналардың қорғаушысы қызметінен басқа, өзге де үндес тұстарын төмендегідей көрсетуге болады:

Аналық бастау;
Береке Тәңірі;
Табиғатқа нәр сыйлаушы;
Жер, Су және от иесі;
Өлім періштесі;
Құс бейнесіндегі қанатты әйел Тәңір.

Түркі дүниетанымындағы Ұмай ана және үнділік ана құдай Ума ежелгі түркілер мен үнділердің шаңырағын және ұрпағын зұлым күштерден қорғаушы күш иесі, құт дарытушы, шаңырақ пен балалардың жебеушісі, молшылықты көбейтуші рух иесі ретінде сипатталады. Осылайша, көне түркі-үнділердің дүниетанымы осындай мифологиялық түсінікке сай қалыптасты және этникалық санадағы бұл басымдық түркілік дүниетанымның құндылықтың бағдарын құрады деуге болады. Біздің заманымызға дейінгі Көк тәңірінің бірі ретінде сипатталатын Ана құдай туралы таным-түсініктің бүгінгі ұрпаққа жетуі, көне үнді мәдениетіндегі әйел беделінің үстем болғандығының көрсеткіші екендігі даусыз. Себебі жарық дүниенің бастауында «Ана» ұғымының өшпейтіндігі дәлел болмақ.

Жалпы, бұл зерттеу түркі және үнді халықтарының дүниетанымындағы «Әлем» түсінігі, оның басқарылуы сынды мифологиялық деректер арқылы екі ел мұрасындағы фольклорын терең түсіну болмақ. Ондағы үндестікті саралау болғандықтан, мәдениеттердегі мифологиялық элементтер контекстіндегі салыстырмалы зерттеулер екі мәдениеттің де жақсы танылуын қамтамасыз етеді деп ойлаймыз. Осындай екі

халықтың дәстүрлі дүниетанымы негізіндегі зерттеулердің салыстырмалы талданылуы ұлт мұрасының діни-философиялық, мәдени-рухани үндестіктерді ашуға себеп болмақ.

Бұл зерттеу ҚР БЖҒМ-ның қаржыландыруымен АР09260492 «Қазақ және үнді халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы рухани негіздер (діни-философиялық синкретизм)» атты жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер

- Bayat, F. (2020) Türk Mitolojik Sitemi. – İstanbul: Ötüken Yayınları. – 349.
- Campbell J. (2006) İlkel Mitoloji, Tanrıların Maskeleri, (Çev. Kudret Emiroğlu). – Ankara: Image Kitabevi Yayınları. – 526.
- Clauson, G. (1972) An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish. – Oxford: Clarendon Press. – 362.
- Çoruhlu, Y. (2011) Türk Mitolojisinin Ana Hatları. – İstanbul: Kabcacı Kitabevi. – 204.
- Esin E. (2004) Orta Asya'dan Osmanlıya Türk Sanatında İkonografik Motifler. – Ankara: Kabcacı Yayınevi. – 457.
- İnan A. (2017) Tarihte ve Bugün Şamanizm Materyaller ve Araştırmalar. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları. – 228.
- Kaya, K. (2003) Hint Mitolojisi Sözlüğü. – Ankara: İmge Kitabevi. – 224.
- Kaya, K. (2018) Rigveda. – İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. – 891.
- Kayali Y., Büyükbahçeci, E. (2018) Türk ve Hint mitolojilerinde doğa fenomenleri: Güneş ve Ay. Turkey. November 28 Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi, vol. 6, № 15. – 1168-1183.
- Pattanaik, D. (2016) Hint Mitolojisine Giriş Mit ve Mitya, (Çev. Çiğdem Erkal). – Ankara: Doğu Batı Yayınları. – 219.
- Pertev N.B. (2012) Türk Mitolojisi: Oğuzların – Anadolu, Azerbaycan ve Türkmenistan Türklerinin Mitolojisi. (Çev. Recep Özbay). – Niğde: Bilgesu Yayınları. – 128.
- Roux, J. P. (2015) Eski Türk Mitolojisi, (Çev. Musa Yaşar Sağlam). – Ankara: Bilgesu Yayıncılık. – 158.
- Turan Ş. (2014) Türk Kültür Tarihi. – İstanbul: Bilge Yayınevi. – 83.
- Wilkins, W.J. (2011) Hindu Mythology. – Delhi: Rupa. – 500.
- Бирлайн Дж.Ф. (1997) Параллельная мифология/(Пер. с англ. А. Блейз). – Москва: Крон-Пресс, – 336.
- Қайыржан К. (2013) Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер баспасы. – 480.
- Қасқабасов С. (2009) Ой өріс. – Алматы: Жібек Жолы. – 303.
- Қондыбай С. (2006) Қазақ даласы және герман тәңірлері. – Алматы: Саға. – 287.

References

- Bayat, F. (2020) Türk Mitolojik Sitemi [Turkish Mythological System]. – İstanbul: Ötüken Yayınları. – 349. (in Turkish)
- Birline J.F. (1997) Parallelnaya mifologiya / (Translated from English A. Blaze) [Parallel mythology]. – Moscow: Kron-Press. – 336. (in Russian)
- Campbell J. (2006) İlkel Mitoloji, Tanrıların Maskeleri. (Translated by Kudret Emiroğlu) [Primitive Mythology, Masks of the Gods]. – Ankara: Image Kitabevi Yayınları. – 526.
- Clauson, G. (1972) An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish. – Oxford: Clarendon Press. – 362.
- Çoruhlu, Y. (2011) Türk Mitolojisinin Ana Hatları [Outline of Turkish Mythology]. – İstanbul: Kabcacı Kitabevi. – 204. (in Turkish)
- Esin, Emal. (2004) Orta Asya'dan Osmanlıya Türk Sanatında İkonografik Motifler [Iconographic Motifs in Turkish Art from Central Asia to the Ottoman Empire]. – Ankara: İmge Kitabevi. – 457. (in Turkish)
- İnan A. (2006) Tarihte ve Bugün Şamanizm Materyaller ve Araştırmalar [Materials and Studies on Shamanism in History and Today]. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları. – 228. (in Turkish)
- Kaskabasov S. (2009) OI oris [Thought field]. – Almaty: Jibek joly. – 303. (in Kazakh)
- Kaya K. (2003) Hint Mitolojisi Sözlüğü [Dictionary of Indian Mythology]. – Ankara: İmge Kitabevi. – 224. (in Turkish)
- Kaya, K. (2018) Rigveda. [Rigveda] – İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. – 891. (in Turkish)
- Kayali Y., E. Büyükbahçeci. (2018) Türk ve Hint mitolojilerinde doğa fenomenleri: Güneş ve Ay [Natural phenomena in Turkish and Indian mythologies: Sun and Moon]. Turkey. November 28 Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi, vol. 6, № 15. – 1168-1183. (in Turkish)
- Kayirzhan K. (2013) Soz – sandyq: Qazaqtin kone sozderi [Word – digital: Ancient Kazakh words]. – Almaty: Oner baspasi. – 480. (in Kazakh)
- Kondybay S. (2006) Kazakh steppe and German gods. – Almaty: SaGa Publishing House. – 287.
- Pattanaik, D. (2016) Hint Mitolojisine Giriş Mit ve Mitya (Translated by Çiğdem Erkal) [Introduction to Indian Mythology Myth and Mitya]. – Ankara: Doğu Batı Yayınları. – 219. (in Turkish)

Pertev, N.B. (2012) Türk Mitolojisi: Oğuzların – Anadolu, Azerbaycan ve Türkmenistan Türklerinin Mitolojisi. (Translated by Recep Özbay) [Turkish Mythology: Mythology of Oghuz Turks – Anatolian, Azerbaijani and Turkmenistan Turks]. – Nigde: Bilgesu Yayınları. – 128. (in Turkish)

Roux, J. P. (2015) Eski Türk Mitolojisi [Old Turkish Mythology]. (Translated by Musa Yaşar Sağlam). – Ankara: Bilgesu Yayıncılık. – 158. (in Turkish)

Turan Ş. (2014) Türk Kültür Tarihi [Turkish Cultural History]. – İstanbul: Bilge Yayınevi. – 83. (in Turkish)

Wilkins, W.J. (2011). Hindu Mythology. – Delhi: Rupa Edition. – 500.